

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ: ПАЙДАЛАНУШЫҒА НҰСҚАУЛЫҚ



ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ, ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Еуропалық Кеңестің үш ұстанымы – заң үстемдігі, демократия және адам құқықтары бір-бірімен тығыз байланысты және ажырамас құндылықтар.

- ▶ Демократия азаматтардың мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіне қатысуын қамтамасыз етеді;
- ▶ Адам құқықтары өзінің бостандықтарына жекелеген адамдардың өз бетінше және шектен тыс араласуынан қорғайды және адамның қадір-қасиетін қорғауды қамтамасыз етеді;
- ▶ Құқықтық мемлекет мемлекеттік билікті реттеп отыруды және оның жүзеге асырылуына мониторингті қамтамасыз етеді.

Заң үстемдігі демократияның дамуына ықпал етеді, өйткені ол мемлекеттік билікке ие тұғалар үшін жауапкершілікті белгілейді. Ол сот төрелігінің тәуелсіз және бейтарап жүйесі арқылы адам құқықтарына кепілдік береді және азшылықтарды көпшіліктің жөнсіздігінен қорғайды.

Неліктен бұл соншалықты маңызды?


Нақты ережелері жоқ мемлекет тұрақсыздық пен жөнсіздікке бейім. Заң үстемдігі әрбір адамның негізгі бостандықтарын қорғайды. Бұл қазіргі демократияның негізі болып табылады.

Заң үстемдігі бес іргелі қағидатқа негізделеді:

- ▶ **Заңдылық** – заң барлығына қолданылады және билік шегін белгілейді.
- ▶ **Құқықтық айқындылық** – заң анық, қолжетімді және болжамды болуға тиіс.
- ▶ **Билікті теріс пайдалануға жол бермеу** – тексеру жөнсіздікті болғызбау мақсатында жүргізіледі.
- ▶ **Заң алдындағы теңдік және кемсітпеу** – заң баршаны қорғайды және бірдей қолданылады, ал кемсітуге тыйым салады.
- ▶ **Тәуелсіз және бейтарап сот төрелігіне қол жеткізу** – әркім өз құқығын сотта қорғай алады.

Мальта суретшісі Надин Теумның «Lady Justice» суреттері.





ЗАҢДЫЛЫҚ

Заң барлығына қолданылады және билік шегін белгілейді.


Құқықтық мемлекетте билік пен азаматтардың әрекеттері демократиялық жолмен қабылданған заңнамамен реттеледі. Атқарушы билік шектеу қойылмай немесе қадағалау жүргізілмей өз билігін жүзеге асыра алмайды және өз қалауын халыққа таңа алмайды.

Басты қағидаттар

- ▶ Барлық шешімдер заң аясында қабылдануға тиіс.
- ▶ Заң нақты әрі айшықты демократиялық процеске сәйкес қабылдануға тиіс.
- ▶ Мемлекеттік органдардың шешімдерін тәуелсіз сот жүйесі қайта қарауға тиіс. Үкімет конституцияда баяндалған ережелерді сақтамай, өзіне жаңа өкілеттіктер бере алмайды.
- ▶ Халықаралық конвенциялар мен шарттар, сондай-ақ халықаралық соттар шығарған шешімдер қолданылуға және сақталуға тиіс.
- ▶ Заң тиімді қолданылуға тиіс.

Неліктен бұл соншалықты маңызды?

Егер билік заң аясында жүзеге асырылмаса, ол теріс пайдаланылуға ұшырайды. Мысалы, үкімет бостандықтарды өз қалауы бойынша шектей алар еді. Демократиялық жолмен қабылданған заңнаманың анықтығы мен сақталуы баршаға әділдік пен теңдіктің кепілі болып табылады.



ҚҰҚЫҚТЫҚ АЙҚЫНДЫЛЫҚ

Заң анық, қолжетімді және болжамды болуға тиіс.


Құқықтық айқындылық заңның анық, қолжетімді және болжамды болуына және кері күшінің болмауына кепілдік береді. Осылайша, әрбір адам өзінің құқықтары мен міндеттерін алдын ала білетін болады.

Басты қағидаттар

- ▶ Заңдар мен сот шешімдері оңай қолжетімді және түсінікті болуға тиіс.
- ▶ Заңдар себептен себепсіз өзгертілмеуге тиіс және дәйекті болуға тиіс.
- ▶ Адамды жасалған кезде қылмыс немесе құқық бұзушылық әрекет болып табылмаған іс-әрекеті үшін соттауға болмайды.

Неліктен бұл маңызды?

Адамдар сенімді әрекет етуі үшін олар өз құқықтары мен міндеттерін білуге тиіс. Нақты емес немесе тез өзгеріске ұшырайтын заңдар екіұштылық пен тұрақсыздық туғызады және адамдарды болжап болмайтын санкцияларға алып кеп соғады.



БИЛІКТІ ТЕРІС ПАЙДАЛАНУҒА ЖОЛ БЕРМЕУ

Тексеру жөнсіздікті болғызбау мақсатында жүргізіледі.

Шектеу қойылмаған және бақылау жүргізілмейтін билік әділетсіздікке алып келеді. Абсолютті билік қауіптілігіне өз бетінше шешімдер, сыбайлас жемқорлық және саяси қуғын-сүргін жатады. Мысалы, соттың санкциясынсыз немесе қадағалаусыз шектен тыс ізіне түсу адам құқықтарының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Басты қағидаттар

- ▶ Биліктің бөлінуі: билік бір органның қолында шоғырланбауға тиіс.
- ▶ Себептерді көрсету міндеті: жария шешімдер негізделген болуға және түсіндірілуге тиіс.
- ▶ Сот бақылауы: барлық мемлекеттік шешімдерге тәуелсіз және бейтарап соттарда шағым жасау мүмкіндігі болуға тиіс.

Неліктен бұл маңызды?

Қадағалау болмаса, үкімет өз бетінше шешім қабылдап, қарсыластарын цензураға ұшыратуы мүмкін немесе негізгі бостандықтарды жойып жіберуі де мүмкін. Заң үстемдігі мұндай теріс пайдалануға жол бермеуге кепілдік береді.



ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ ТЕҢДІК ЖӘНЕ КЕМСІТПЕУ

Заң баршаны қорғайды және бірдей қолданылады, ал кемсітуге тыйым салады.

Заң үстемдігі әрбір адамның заңда белгіленген бірдей құқықтары мен міндеттері болуын және оларды қолдануда қисынсыз айырмашылықтардың болмауын талап етеді.

Заң алдындағы теңдік дегеніміз

- ▶ Заңда да, оны қолдануда да адамдар арасында ешбір қисынсыз айырмашылықтар болмауға тиіс.
- ▶ Кемсітушіліктің барлық түрінен қорғау қамтамасыз етілуге тиіс.
- ▶ Баршаға бірдей құқықтар мен міндеттерге кепілдік берілуге тиіс.
- ▶ Кемсітушілікке ұшыраған кез келген адамның өзін қорғау мүмкіндігі болуға тиіс.

Негізгі жетістіктер – әйелдердің сайлауға қатысу құқығы

Еуропада әйелдерге дауыс беру құқығының кеш берілуі – кемсітушіліктің дәлелді мысалы. Финляндия 1906 жылы әйелдерге дауыс беру құқығын берген алғашқы еуропалық ел болды. Бұл құқық тек 1918 жылдан кейін ғана Еуропаның көптеген басқа елдеріне таралды және 1984 жылдан бастап қана Еуропада жалпыға ортақ болды. Бүгінде заң үстемдігі әйелдердің дауыс беру құқығына кепілдік беріп қана қоймай, олардың саяси өмірге ешқандай кемсітусіз белсенді қатысуын қамтамасыз етеді және ынталандырады.



ТӘУЕЛСІЗ ЖӘНЕ БЕЙТАРАП СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Әркім өз құқығын сотта қорғай алады.

Тәуелсіз және бейтарап сотқа қол жеткізу адамдарға өз құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді. Мысалы, Адам құқықтары жөніндегі еуропалық сот жұмыстан шығаруға, меншіктен айыруға немесе балаларына қол жеткізуді тоқтатуға сотта шағымдана алмау өтініш берушілердің құқықтарын бұзады деп шешім шығарды. Жылдам әрі қолжетімді сот төрелігі тең құқықтарды қамтамасыз етуде өте маңызды рөл атқарады.

Басты қағидаттар

- ▶ Әрбір адамның сотқа жүгінуге және тәуелсіз әрі бейтарап соттың әділ сот талқылауына құқығы бар.
- ▶ Сот шешімдері қолжетімді және анық түсіндіріледі.
- ▶ Заңгерлік консультациялар және заң көмегі осыған мұқтаж кез келген адамға қолжетімді.
- ▶ Рәсімдер мейлінше жылдам және арзан.
- ▶ Сот шешімдері орындалады.

Неліктен бұл маңызды?

Зорлық-зомбылықтан зардап шеккен азаматтар сот төрелігіне қол жеткізбей, өз құқықтарын қорғай алмайды. Мемлекет тәуелсіз соттарды және барлығына қолжетімді сот жүйесін қаматамасыз етуге кепілдік беруге тиіс.



PAX EVAN
TIBI GELI
MAR STA
CE MENS

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІНІҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІ

Еуропа Кеңесінің жанындағы Венеция комиссиясының рөлі

Венеция комиссиясы мүше мемлекеттеріне құқық үстемдігі қағидаттарын қажетті дәрежеде іске асыруды қамтамасыз ететін конституциялық жүйелерді әзірлеуде көмек көрсетіп келеді. Комиссия қандай да бір елде құқық үстемдігі қағидаттарының іске асырылу деңгейіне баға беру құралын – Құқық үстемдігі өлшемшарттарының бақылау тізімін де ұсынды.

Венеция комиссиясы дайындаған Құқық үстемдігі өлшемшарттарының бақылау тізімі

2016 жылғы Құқық үстемдігі өлшемшарттарының бақылау тізімінде құқық үстемдігінің негізгі қағидаттары – заңдылық, құқықтық айқындылық, билікті теріс пайдалануға жол бермеу, сот төрелігіне қол жеткізу, теңдік және кемсітпеу – егжей-тегжейлі параметрлері мен тиісті дереккөздері бар өлшемшарттар түрінде берілген.

Бақылау тізімін қолдана отырып, үкімет, парламент, азаматтық қоғам, азаматтар, сондай-ақ халықаралық ұйымдар белгілі бір мемлекетте құқық үстемдігі қағидаттарының қаншалықты сақталатынына баға бере алады. Осылайша, бақылау тізімі мемлекет тарапынан шаралар қабылдауды талап ететін осал тұстарды немесе олқылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Венеция комиссиясы мұндай кемшіліктер мен олқылықтарды қалай жоюға болатыны туралы көптеген ұсынымдар дайындады.

Біз кіміз?

«Құқық арқылы демократия үшін» Венеция комиссиясы – Еуропа Кеңесінің конституциялық құқық жөніндегі консультативтік органы, құрамына тәуелсіз сарапшылар кіреді.

Ол 1990 жылғы 10 мамырда итальяндық ғалым Антонио Лаперголаның бастамасымен құрылған болатын. Берлин қабырғасы құлағаннан кейін ол көптеген бұрынғы социалистік елдерге демократиялық конституциялар мен заңнаманы қабылдауға және кейіннен Еуропа Кеңесіне қосылуға көмектесті.

Бүгінде ол өзінің мүше мемлекеттеріне халықаралық стандарттарға сәйкес келетін конституциялық және заңнамалық реформаларды әзірлеуге көмектесіп келеді. Комиссия ұсынымдарын орындау Еуропалық одаққа кіру процесін жеңілдетті.

Миссиясы

Сұрау салу бойынша және ұлттық биліктермен, мемлекеттік институттармен, мүдделі тараптармен және азаматтық қоғаммен инклюзивті консультациялар процесі шеңберінде Венеция комиссиясы конституциялық және заңнамалық реформаларға, әсіресе сайлау және сот салаларындағы реформаларға баға береді және демократия, адам құқықтары және заң үстемдігі қағидаттарын құрметтеу және енгізу үшін осы реформаларды қалай жақсартуға қатысты, сондай-ақ тиімді және өміршең басқару жүйелерін құру туралы міндетті емес ұсынымдар шығарады.

Мүше мемлекеттер

Венеция комиссиясының құрамына Еуропа Кеңесінің 46 мүшесі, сондай-ақ Солтүстік және Оңтүстік Америка, Африка және Азияның 15 өкілі кіреді.

Неліктен нақты Венеция?

Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық Комиссия Италиядағы әйгілі Лагуна қаласының атауы бойынша «Венеция комиссиясы» атауын алды, онда ол өзінің алғашқы отырысын өткізді және жылына төрт рет жиналуды жалғастыруда.

1990-2025 - Жетістіктер

35 жыл ішінде Венеция комиссиясы өзінің тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, кәсібилігі және инклюзивті жұмыс әдістері арқасында демократиялық конституциялардың қабылдануына және институттардың демократиялық тұрғыдан жұмыс істеуіне елеулі ықпалын тигізді. Атап айтқанда, Комиссия құқық үстемдігі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етуге және өзінің мүше мемлекеттерінде биліктің бөлінуін және сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтуға өз үлесін қосты.

- ▶ **1000-нан астам:** конституциялық және заңнамалық реформалар туралы пікірлер мен есептер
- ▶ **50-ден астам:** Комиссияның көмегімен әзірленген немесе қайта қаралған конституциялар
- ▶ **200-ден астам:** Комиссия жұмысына өз үлесін қосқан тәуелсіз сарапшы-заңгерлер.

Неліктен бұл бәріміз үшін маңызды?

Заң үстемдігі дегеніміз:

орнықты және бейбіт демократия.
еркін және жөнсіздіктен қорғалған азаматтар.
барынша әділ және тең құқылы қоғам.

Надин Теумнің суреттері

Барлық құқықтар қорғалған.
Осы жарияланымның ешбір бөлігін
Қоғаммен байланыс жөніндегі
директораттың алдын ала жазбаша
рұқсатынсыз аударуға, көшіруге
немесе беруге болмайды.
(F-67075 Strasbourg Cedex
или publishing@coe.int).

© Еуропа Кеңесінің фотосуреттері

Еуропа Кеңесі жариялаған
F-67075 Strasbourg Cedex
www.coe.int

© Еуропа Кеңесі, 2025 жылғы желтоқсан

Венеция комиссиясының веб-сайты

<https://venice.coe.int>



Бұл кітапшада заң үстемдігінің негізгі қағидаттары: заңдылық, құқықтық айқындылық, билікті теріс пайдалануға жол бермеу, заң алдындағы теңдік және сот төрелігіне қол жеткізу қаралады. Бұл қағидаттар есеп беретін басқаруды, жеке бас бостандығын және қоғамдағы әділдікті қамтамасыз ете отырып, демократия мен адам құқықтарының негізін құрайды. Венеция комиссиясының жұмысы арқылы Еуропа Кеңесінің мемлекеттерді осы стандарттарды сақтауда және азаматтарды билік жөнсіздігінен қорғауда қалай қолдау көрсететінін білуіңізге болады. Осы кітапша саясаткерге, студентке немесе бей-жай қарамайтын азаматқа да заң үстемдігі неліктен маңызды екенін және ол біздің бостандықтарымызды күн сайын қалай қорғайтынын баяндайтын құрал болып табылады.

KAZ

www.coe.int

Еуропалық Кеңес – континенттің жетекші құқық қорғау ұйымы. Оның құрамына 46 мүше мемлекет, соның ішінде Еуропа Одағының барлық мүшелері кіреді. Еуропалық Кеңеске мүше барлық мемлекеттер Адам құқықтары жөніндегі еуропалық конвенцияға – адам құқықтарын, демократияны және заңның үстемдігін қорғауға арналған шартқа қол қойды. Адам құқықтары жөніндегі еуропалық сот Конвенцияның мүше мемлекеттерде жүзеге асырылуын қадағалайды.

